



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№09 (191), ҚАЗАН, 2025



ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫС – ЖЕМІСТІ НӘТИЖЕ

8-9 қазан күндері Қаламқас және Жетібай кен орындарында Қоғам Басқармасы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сервистік компаниялар және басқа да өкілдердің қатысуымен ай сайынғы өндірістік жиналыс өтті.

Кеңесті Қаламқас кен орнында ашқан ҚЖЕҚОҚД директорының орынбасары Бауыржан Ләтіп еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау, өндірістік нысандарда жазатайым оқиғаларды болдырмау шаралары жөнінде ақпарат берді.

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ басшысы Мақсат Нұрғабылов 2025 жылдың қыркүйек айындағы негізгі өндірістік көрсеткіштерді, мұнай өндіру және тапсыру жұмыстарының орындалуын, ұңғымалар


қорының жағдайын, жүргізілген геологиялық-техникалық іс-шараларды және басқа да жұмыстарды егжей-тегжейлі баяндады.

Кездесу барысында кен орнының ағымдағы жұмыстары мен алдағы жоспарларына қатысты басқа да мәселелер талқыланды. Сонымен қатар Қоғам Басқармасы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-ның Кен орнын басқару орталығында болды. Бұл орталық бірыңғай IT-кеңістік қағидаты бойынша жобаланып, мұнда қызметкерлер тәулік бойы цифрлық құралдардың көмегімен кен орнындағы барлық өндірістік процестерді бақылап, талдау жасайды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов аталған жобаның өндірістік процестерді цифрлық трансформациялау жолындағы тағы бір қадам екенін атап өтіп, бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалану аса маңызды екенін жеткізді.

Сондай-ақ бүгін өндірістік кеңес Жетібай кен орнында да өтті. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ басшылары есеп беру кезеңдегі мұнай өндіру және тапсыру жұмыстары, ұңғымалар бойынша геофизикалық және зерттеу жұмыстары, геологиялық-техникалық іс-шаралар жөнінде баяндады. Кездесу барысында сондай-ақ еңбек және техника қауіпсіздігі, өндірістік және әлеуметтік нысандардың құрылысы мен күрделі жөндеуі сынды басқа да мәселелер қаралды.

Қаламқас және Жетібай кен орындарында өткен кеңестердің қорытындысы бойынша Қоғам Басқармасы өндірістік басқармалар мен құрылымдық бөлімшелердің басшыларына өндірістің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған нақты тапсырмалар беріп, қойылған міндеттерге жету үшін әр бағыт бойынша жұмысты күшейту қажеттігін атап өтті.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ОБУЧЕНИЕ РУКОВОДИТЕЛЕЙ: УПРАВЛЕНИЕ РИСКАМИ ПО СТАНДАРТУ ISO

23–24 сентября 2025 года в г.Актау проведено обучение для руководящего состава по теме «Менеджмент риска. Принципы и руководство по применению» (ISO 31000:2018).



Мероприятие направлено на развитие корпоративной культуры управления рисками, повышение осведомленности руководителей о современных подходах к идентификации, оценке и минимизации рисков, а также на совершенствование процессов принятия управленческих решений.

В рамках обучения были рассмотрены ключевые положения международного стандарта ISO 31000:2018, его практическое применение в деятельности АО «Мангистаумұнайгаз» (далее-Общество), а также лучшие мировые практики в области риск-менеджмента. Особое внимание уделено вопросам интеграции риск-ориентированного подхода в страте-

гическое и оперативное управление, а также роли руководителей как владельцев рисков.

Проведение подобных мероприятий является частью системной работы Общества по внедрению и развитию процессов риск-менеджмента, что позволяет укреплять устойчивость бизнеса, своевременно реагировать на изменения внешней среды и обеспечивать достижение стратегических целей.

Результаты обучения станут основой для дальнейшего укрепления системы управления рисками и позволят Обществу уверенно двигаться к достижению стратегических целей, сохраняя устойчивость и конкурентоспособность в отрасли.

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ БУДУЩЕГО

В АО «Мангистаумұнайгаз» стартовали опытно-промышленные испытания (ОПИ) новейших цифровых решений с применением технологий искусственного интеллекта казахстанской компании ТОО «DEREKNET». Проект реализуется через портал «Центр ОПИ» при ТОО «КМГ Инжиниринг» — научно-технического центра, специализирующегося на разведке и разработке месторождений, а также цифровизации АО НК «КазМунайГаз». Его миссия заключается в обеспечении передового научно-технического развития в отрасли.

В производственном управлении «Каламқасмұнайгаз» тестируются две важные технологии компании ТОО «DEREKNET»: Mass Balance и Neuronet.

Mass Balance — интеллектуальный помощник, который берет на себя расчет материального баланса нефти.

Ожидания от использования технологии Mass Balance связаны с возможностью корректного распределения добываемой продукции от товарного парка до скважин с учетом всех уровней технологического учета. При этом, если раньше подобная работа занимала несколько часов и проводилась раз в месяц, то теперь результаты будут формироваться ежесуточно в автоматическом режиме. Также система будет выявлять аномалии в режиме online, что позволит сократить расхождения в технологическом учете нефти до уровня менее 5%.

Neuronet — виртуальный расходомер на базе искусственного интеллекта.

Благодаря алгоритмам машинного обучения он будет прогнозировать показатели с точностью не ниже 95%, а также мгновенно выявляет отклонения, что позволит специалистам компании контролировать работу скважин в промежутках между периодическими замерами. Реализация данной технологии повысит точность измерения дебита скважин, а также повысит качество расчета материального баланса нефти.

Использование искусственного интеллекта в нефтяной отрасли открывает новые горизонты для создания цифрового месторождения будущего.



«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ-да КОМПЛАЕНС МӘДЕНИЕТІ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы соңғы жылдары қызметкерлер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мен адалдық қағидаттарын орнықтыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Бұл бастаманың басты мақсаты — комплаенс-мәдениетті қалыптастыру, яғни компания ішінде заңдылық пен әділдікті басшылыққа алған орта құру.



2025 жылдың 6-7 қазан күндері «Жетібаймұнайгаз» және «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармаларының басшылық құрамы мен инженер-техникалық персоналы үшін оқытудың үшінші және төртінші кезеңдері ұйымдастырылды. Бұл шара комплаенс саласында білімді тереңдету, тәжірибені жетілдіру мақсатында өткізілді.

Оқыту бағдарламасында:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негіздері;
- этикалық мінез-құлық нормалары;
- мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тетіктері қарастырылды.

Сонымен қатар, ішкі бақылаудың тиімділігін арттыру, ықтимал құқықбұзушылықтар жөнінде дер кезінде хабарлау принциптері,



басшылардың адал корпоративтік орта қалыптастырудағы жауапкершілігі, сондай-ақ әрбір қызметкердің белсенді рөлі ерекше назарға алынды.

Компанияда комплаенс мәдениетін дамытуға бағытталған мұндай жүйелі оқытулар қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-тағы адалдық пен ашықтыққа негізделген корпоративтік құндылықтарды нығайта түсетіні сөзсіз.

10 ҚАЗАН - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӘСІПОДАҚТАР КҮНІ



10 қазан елімізде Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар күні аталып өтеді. Биыл бұл кәсіби мерекемен қатар, қазақстандық кәсіподақ қозғалысының 120 жылдығы да кеңінен аталып отыр. Бұл мерейтой – әрқашан еңбек адамының мүддесін қорғап келген кәсіподақ тарихындағы маңызды белес.

Кәсіби мерекеге орай «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-да салтанатты жиналыс өтті. Оған Қоғам Басқармасы, кәсіподақ комитетінің басшылары және кәсіподақ қозғалысының ардагерлері қатысты.

Жиынды ашқан Бас директор Вэнь Цзяцзюнь мен Бас директордың бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов қатысушыларды құттықтап, бүгінде кәсіподақ – еңбек адамының құқықтары мен мүдделерін қорғаудың сенімді тірегі әрі нақты тетігі екенін атап өтті.

– «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитеті жоғары деңгейде жұмыс жасап келеді. Ол ұзақ жылдар бойы ұжымдағы тұрақтылықты нығайтуға, әлеуметтік әділдікті дамытуға және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қомақты үлес қосып келеді. Кәсіподақтың үйлесімді жұмысының арқасында компанияда жұмысшылар мен жұмыс беруші арасында өзара сенім, әріптестік әрі сыйластық атмосфера орныққан, – деп атап өтті Қоғам Басқармасы.

«Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ басшылығы салалық кәсіподақты құрып, дамытқан, оның негізін қалаған және мол тәжірибе мен дәстүрді кейінгі буынға аманаттаған сала ардагерлеріне ерекше алғысын білдірді.

Вэнь Цзяцзюнь мен Болат Сейтмағанбетов кәсіподақ қозғалысының ардагерлері мен кәсіподақ комитетінің басшыларына Алғыс хаттар мен арнайы адресаттар табыстады. Өз кезегінде «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Кентанов та ардагерлерді шын жүректен құттықтап, оларға ақшалай сертификаттар табыс етті. Әрқайсы-сының кәсіподақ қозғалысын



дамыту мен нығайту ісіне қосқан лайықты үлесін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар Мәди Кентанов Қоғам Басқармасына жылы лебіздері үшін алғысын білдіріп, ынтымақтастық - өндірістің өркендеуіне негіз болатын сенімді күш екенін жеткізді.



НАРДЫҢ ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН НӘЗІК ЖАН

Маңғыстау – мұнайымен ғана емес, оның тасасында тер төккен қарапайым еңбек иелерімен өркендеген өлке. Қара алтынды ел игілігіне айналдыруда көзге көрінбей, бірақ өндірістің күретамырын ұстап тұрған жандардың бірі – Теңелбаева Анар Нұрбердіқызы.


1976 жылдың тамызында Қаракия ауданы, Жетібай станциясында дүниеге келген Анардың тағдыры – еңбекпен өрілген, ал өмір жолы – өнеге. Жетібайдың қарапайым қызы 1993 жылы мектепті тәмамдап, бастауыш сынып мұғалімі мамандығын игергенімен, жүрек қалауымен өндіріс ортасына келді. 1995 жылы ол алғаш рет еңбек майданына кірісіп, содан бері бір орында тапжылмай 30 жыл бойы қоймашы болып адал қызмет етіп келеді. Бір қарағанда қоймашының жұмысы оңай секілді. Бірақ, шындығында – нағыз жауапкершілік пен ұқыптылықты талап ететін күрделі мамандық. Анардың күнделікті міндетіне – мұнайшының қолғабынан бастап, алып тұрбаларға дейінгі мыңдаған материалдың қабылдануы, сақталуы және дұрыс таратылуы кіреді. Оның қолынан өткен әрбір бұранда, әрбір пеш пен качалка – өндірістің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін алтын көпір. Қойма – өндірістің жүрегі десек, қоймашы – сол жүректің дүрсілін



қадағалап тұрған дәрігер іспетті. Егер бір бөлшек уақытында жеткізілмесе, бір қондырғы тоқтап қалса, бүкіл өндіріс сал болып қалғандай тұрып қалады. Міне, сондықтан да қоймашының жауапкершілігі – көзге көрінбейтін, бірақ салмағы ауыр еңбек. Анар тек қана қойма есігін күзетіп отырған жоқ, ол – өндірістің барлық ауыр жүгін нәзік иығымен көтеріп келе жатқан әйел. 7 күндік вахтада күндіз-түні қойманың тынысын қадағалап, әріптестері арасында өзінің адалдығымен, тиянақтылығымен үлкен құрметке ие. Жұмыста қатал тәртіптің адамы болса, өмірде – нәзік жүректі ана, ардақты әже.

Еңбекпен шектелмей, білімге де ұмтылған Анар Есенов атындағы университеттің «Мұнай-газ кен орындарын игеру» мамандығын оқып алды. Бұл – оның өз саласына деген жауапкершілігінің, өндірісті терең түсінуге деген құштарлығының дәлелі. Әріптестері Анарды «жұмысына мұқият, ұжымда сыйлы, әрқашан күлімдеп жүретін жан» деп сипаттайды. Оның әдемілігі де, адалдығы да, кәсібіне деген сүйіспеншілігі де – қоймашылардың ғана емес, жалпы өндірістегі әйелдердің бейнесін айшықтап тұр.

Өмірін өндіріске арнап, еңбегін ел игілігіне ұластырған нәзік жүректі жан – Теңелбаева Анар Нұрбердіқызы – бүгінгі күні қоймашылар еңбегінің қадірін арттырып, әйел мамандардың қайсарлығын паш етіп отырған ардақты еңбеккер.



ТОБЫҚТЫДА ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ АС

Маңғыстау облысы, Тобықты жерінде әулие Бекет Мырзағұлұлының 275 жылдық мерейтойына арналған ас өткізілді. Бұл ауқымды шараға еліміздің түкпір-түкпірінен қонақтар жиналып, қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен ардагер мұнайшылары да болды.


Қонақтар алдымен Тобықтыдағы жер асты мешітіне зиярат етіп, құран бағыштады. Кейіннен жүзден аса тігілген киіз үйде дастарқан жайылып, мерекелік бағдарлама жалғасты. Астың алғашқы күнінде аламан бәйге, палуандар күресі, өнерпаздардың концерті және ел ағаларының тағылымды ойтолғаулары өтті.

Ардагер мұнайшы Сақып Жұмалиев: «Бұл ас – елдің ынтымағын нығайтатын, халықты бірлікке үндейтін үлкен шара. Біз Бекет атаның рухына тағзым етіп, осындай тарихи сәттің куәсі болғанымызға қуаныштымыз», – деді.

Орал Қылышбаев болса: «Әулие Бекет ата – барша қазаққа ортақ тұлға. Осындай ұлық мерекеге қатысу біз үшін зор мәртебе. Жас ұрпақ рухани мұраны қадірлей білсе, елдің болашағы жарқын болмақ», – деп пікірін білдірді.

Ал Рысхан Қанатова: «Әулие бабаның өнегесі – ұрпаққа ұлағат. Мұнайшы ардагерлер атынан ұйымдастырушыларға шынайы алғысымызды білдіреміз. Бұл астың тағылымы да, мәні де ұрпақ санасында мәңгі қалады», – деп ризашылығын жеткізді.

Ардагер мұнайшылардың айтуынша, Бекет атаның асындай рухани шаралар – елдің бірлігін бекемдеп, халықтың жүрегіне имандылық пен ізгіліктің дәнін себеді. «Маңғыстаумұнайгаз» ұжымы үшін де мұндай тағылымды басқосулар – өткенді қадірлеп, болашаққа бағыт алудың, жас ұрпаққа өнеге көрсетудің жарқын үлгісі болып табылады.



ЖЕТІБАЙ КЕНОРНЫНДА ӨРТ-ТАКТИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ

23 қыркүйек 2025 жылы сағат 10:30-да «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының МДЖАЦ нысанында өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді.



Оқу-жаттығу жоспарына сәйкес, №8 ҚБП-10 пешінің құбыры жарылып, мұнай өнімдері тұтанып кеткен жағдай үлгі ретінде қарастырылды. Қауіп дабылы берілгеннен кейін нысанның ауысым инженері дауыс ұлғайтқыш арқылы жұмысшыларды хабардар етіп, жедел қызметтерді шақырды. Алғашқы сәтте-ақ автоматты өрт сөндіру жүйесі іске қосылып, пеш аумағына көбік берілді.

Шақырту орнына «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС, №10 МО ТЖД өрт сөндіру командасы және МДЖАЦ ерікті өрт сөндіру жасағы келіп жетті. Арнайы техникалар өрт гидранттарына орнатылып, өрт ошақтары көбікпен сөндірілді. Қауіптің таралуына жол бермеу үшін көрші орналасқан №7 және №9 пештерді сумен салқындату жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде сағат 10:47-де шартты өрт толықтай оқшауланып, сөндірілді. Оқу-жаттығуға «Нейрон Мед» ЖШС медициналық бригадасы мен «МТК» ЖШС автоматика мамандары да қатысты.

Бақылаушылардың бағалауынша, өрт-тактикалық оқу-жаттығу жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өрт сөндіру қызметтері мен нысанның ерікті жасақтары өзара тиімді іс-қимыл көрсетті.

Мұндай іс-шаралар өндірістегі қауіпсіздікті арттыруға, қызметкерлердің төтенше жағдай кезінде жедел әрекет ету машығын жетілдіруге және ықтимал қауіптің алдын алуға зор ықпал етеді.

**ҚЖЕК, ҚОҚД
Өрт қауіпсіздігі тобы**



Райымбек Түзелов
ҚЖЕК, ҚОҚД,
АҚЖТЖ тобының
маманы

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар тобынан

Қорғайтын даласын да, қаласын да,
Мамандық әлем берген бағасын да.
Жеткені көп "Маңғыстаумұнайгаздың",
Азаматтық қорғаныс саласында.

Елдің жөн қиындықта біріккені,
Саусақ бірде, иненің іліккені.
Апаттардан қорғанар сақадай сай,
Азаматтық қорғаныс мүліктері.

"ММГ" үлкен ұжым даламдағы,
Ұжымға ұлтым қатты алаңдады.
Қауіп пенен қатердің алдын алар,
Азаматтық қорғаныс мамандары.

Акционерлік қоғамым қорыған көп,
Бұл топты жақсылыққа жорыған бек.
Алаңсыз бол әріптес, Компаниямда,
АҚ және ТЖ-ның тобы бар деп.

Береміз жұмыстарға ақпар айда,
Біздің топ қиындықта тапқан айла.
Қауіп пен қатерлерден сақтанайық,
Сақтанғанды Құдай да сақтамай ма?

Жау менен апат болмай іргемде шын,
Гүлдейік қауіптерсіз гүлденгесін.
Жанын салар ел үшін ер көп болсын,
Дабыл соғар еліме күн келмесін.

ЗДОРОВЬЕ РАБОТНИКОВ - ГЛАВНЫЙ ПРИОРИТЕТ!

23 сентября 2025 года, на базе АО «Мангистаумұнайгаз», проведен семинар-совещание на тему: «Реализация Плана мероприятий программы оздоровления работников группы компаний АО «НК «КазМұнайГаз» на 2025-2027 годы.

План мероприятий реализуется в рамках ключевой стратегической инициативы СИ24. «Управление здоровьем персонала» Стратегии развития КМГ на 2022-2030 годы.

В данном семинар-совещании приняли участие 60 специа-листов по производственной санитарии и гигиене труда, представители структурных подразделений HR и социальной политики организаций группы компаний КМГ.

Главной целью мероприятия стало детальное ознакомление участников с целями, задачами и конкретными

шагами предстоящей 3-х летней программы, направленной на:

- профилактику профессиональных заболеваний и потенциальных рисков для здоровья;
- создание условий для укрепления здоровья на рабочих местах;
- формирование культуры ответственного отношения к собственному здоровью среди работников.


В рамках семинара участники не только получили необходимую информацию, но и активно включились в обсуждение.

Утвержденный план – это не просто документ, а реальная инвестиция в благополучие каждого работника.

Реализация данной программы станет значимым вкладом в достижение стратегических целей КМГ в области устойчивого развития и эффективного управления человеческими ресурсами

Кроме этого, в рамках вышеуказанного мероприятия, организовано и проведено:

- 22 сентября 2025 года, посещение по производственной санитарии



и гигиене труда организаций группы компаний КМГ производственных объектов North Caspian Operating в п.Баутино (медпункты, столовые) в рамках обмена опытом с ознакомлением с внутренними нормативными документами (стандартов) и Системой безопасности пищевой продукции НАССР NCOS;

· 23-24 сентября 2025 года, обучение 19 специалистов по производственной санитарии и гигиене труда организаций группы компаний КМГ по курсу «Международный стандарт НАССР: разработка, внедрение и совершенствование Системы менеджмента пищевой безопасности» с выдачей международного сертификата.

Кажобекова М.М.
ведущий специалист ДПБ
АО «НК «КазМұнайГаз»





ЕҢБЕК – АДАМ БОЛМЫСЫНЫҢ АЙНАСЫ



Гүлшат Жұмағалиева «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қызметінде үлкен рөл атқаратын Күрделі құрылыс департаментінің Фимараттар мен құрылыстарға қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу цехы №3 бригадасының 4-дәрежелі сылақшысы ретінде жұмыс жасайды. «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы объектілерінің қайсысында болмасын, өзіндік қолтаңбасы бар әріптесіміздің ісіне деген жауапкершілігі мол, тиянақты әрі кәсіби білікті.

- Еңбек жолым сонау 1985 жылдан бастау алады. Еңбекке ерте араласып, ата-анама көмекші болуды мақсат тұттым. Жұмысты талғамай, мекеме жүктеген міндеттемелерді уақытылы орындауға тырысып келеміз. Кез келген жұмыстың тетігі өзіңнің ептілігіңе байланысты. Қолдана білсең оңай әрі үйреншікті болып кетеді,- дейді мұнайымдық Гүлшат.

Өзіндік қиындығы, қызығы мен шыжығы бар бұл кәсіп адам өміріндегі маңызды мамандықтардың бірі,

әрі бірегейі. Құрылыс индустриясы Қазақстан экономикасының негізгі іргетасы болып саналатындығын ескерсек, компаниямыз үшін де әлеуметтік және өндірістік объектілерді жобалау және ағымдағы жөндеу бойынша тұрақты дамудың кепілі.

Күнделікті ісі жұмысқа арналған арнайы киімдерін киюден, жеке қорғаныс құралдарын пайдалана жүріп, тындыруға тапсырылған объектілердегі сырлау, сылақ жасаудан тұратын нәзік жанды Гүлшат бүгінде әккі жұмыскер, қолы жаттыққан білікті маман. Фимараттың қабырғасын тегістеу, қосынды қоспалардың құрамын мөлшерлеу, есік-терезе жақтауларын бітеу т.с.с шеберлікті қажет ететін жұмыстардың легін анық әрі айқын жасайтын Гүлшаттан үлгі алар шәкірттері де жоқ емес.

Өзімді қуатты мекеменің алғашқы қазығын қақаннан бастап қажырлы еңбек етіп келе жатқандардың сапындамын деп есептеймін. Басшылықтың айтқаны біз үшін заң. Қазір технология жаңарды. Қауіпсіздік техникасын міндетті түрде сақтаймыз. Еңбегімнің арқасында ел қатарлы бұйырған несібеміздің жемісін алып жатырмын. Басшылық тарапынан берілген Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар,

мерейтойлық төсбелгілерім де бар, шүкір!,- деді қанағаты мен түсінігі мол Гүлшат апай.

Мұнайымдық Гүлшат бүгінде бір әулетті сүттей ұйытып отырған асыл жар, абыройлы ана, тәтті немерелер мен жиеннің айтқанын екі етпейтін сүйікті әже. Ұл-қызын қатарынан кем қылмай оқытып, аяқтандырған. Оның ұлттық салт-дәстүрді, қазақтың әдет-ғұрыпты дәріптейтінінен хабардар кейінгі буын іні-келіндері үнемі кеңес сұрап, ақылдасып отыратын көрінеді. Қазақи болмысы бұзылмаған өңірдің ұстанымдарын, ырым-тиымдарын зерделеп жүрген Гүлшат апайымызды үйретері көп, ізгілігі мол жан десек те болады.

Осы орайда, елімізде жылда тамыздың екінші жексенбісінде тойланатын Құрылысшылар күні мерекесінің қарсаңында мекемеміздегі кәсіби құрылысшыларды, сәулетшілер мен құрылыс инженерлерін, сондай-ақ абыройлы еңбегімен еленген жұмыскер Гүлшат Таңатарқызын айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбекте табысты болуды, сондай-ақ береке-бірлік тілейміз!



ОРЫНДАЛҒАН АРМАН



Жан дүниесінде тамыр жайған арманы - әнші болу екен. Бала арманы - үнемі байсалды кейіпте жүретін, сабырлы мінезді Қалдыгүлмен бірге өсіп, өркендепті. Десек те жасы ортаға таяғанда, әсіресе, өндірістің гүрілі мен шуылы қанат жайған кен орнында мектеп кезінен келе жатқан арманның жарқ етіп шыға келетінін мұнайшы қыз күтпепті. Сенсация! Сахна! Ду қол шапалақ...

Еңбек өтілі жиырма бес жылды құрайтын Қалдыгүл Ғасрединқызы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының №2 Мұнай және газ өндіру цехына оператор ретінде қабылданып, кейін Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының лаборанты ретінде, ал қазіргі таңда Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінен білім алған өз мамандығы бойынша салалас №1 Мұнай және газ өндіру цехының техник геологы болып жұмыс жасайды.

Қарапайымдылықты ту еткен мұнайшы қыздың тәрбиесі де, тәлімі де қаймағы бұзылмаған ауылдан, түтіні түзу шыққан отбасыдан басталса керек. Жалпы, Қалдыгүлдің үлгі тұтар, бет түзеген асылдары – ата-анасы болса да, өнеге ететін биік тұлғасы – 33 жасында жасындай жарқ етіп солған марқұм туған ағасы, белгілі ұстаз-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, «Мұнай-газ терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» жинағының авторы Марат Арыстанбаев екен. Ізгілік пен ізденушіліктің дәнегі жақсылардан шарапат болып дарығандығын мұнайымдық ару ашық айтты:

- Мұнайшылар отбасынан шықтым: әкем де, інілерім де осы саланы игерушілер. Әке-шешем жастайымыздан жадымызға ұлттық салт-дәстүрді ұлықтап, ұлылардың ұлағатты сөздерін сіңіріп отыратынды. Ерекше еліктеп өскен тұлғам – Марат ағам еді. Білімге құштарлығы, лингвистика саласындағы еңбектері, ізденімпаздығы, айтқан ақылдары санамда жатталып, бүгінде естелік болып қалды ғой.

Қазақстан мұнайының 125 жылдығы мен Қаламқас кен орнының 45 жылдығы мерейлі мерекелерін атап өту шеңберінде 2024 жылғы тамызда мұнайлы мекенді тербеткен, жанкешті мұнайшыларды, қалың көрерменді тебіренткен күн - әлі де болса өндіріс ошағындағы көптің есінде. Қалың көрерменді баурап алған «Әз, әулие Қаламқас» атты премьерарадағы кейіпкерлердің бірін сомдаған осы Қалдыгүл әріптесіміз еді. Томаға тұйық қыздың осы қойылымға қатысуға жұмыскерлер арасынан суырылып шығып «мен қатысамын!» деуінің өзі ерлікпен пара-пар деуге тұрарлық.

- Қарақат көз Құралай,
Отырсың жәйді сұрамай,

Мәнісін айтшы қалқам, бұл қалай?..- деп жауынгер қыздардың жабырқаған көңілін бір көтеріп тастап, әуезді әннің ырғағымен әуелетіп жіберетін тұсы Қалдыгүлдің дауысының жарқын-жарқын шығып, алысқа жетелеген арманының туған күні десек те болады. Сахнада Қаламқас арудың нөкер қыздарының образын сомдаған Қалдыгүл Арыстанбаева өзіне жүктелген рөлді болмысымен қатар ұстай алу

қабілетімен ерекшеленіп, шынайы образға ену қабілеттерімен де назар аудартты.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың маусым айында Ақтауға арнайы келген әуесқой әншілердің «Жаңа есім» жобасында Қалдыгүлдің тағы да жұлдызы жанды. Жобаның авторы, бас продюсері ҚР Мәдениет қайраткері әрі өнер майталманы Каламқас Бексұлтанова, кіші продюсері және Ақтау қаласындағы ұйымдастырушысы Технологиялық сұйықты даярлау цехының машинисі Бибігүл Қалыбаева бастаған еліміздің өзге қалалары мен облыстарынан келген барлық өнерпаздар тобы Қаламқас кен орнында мұнайшы жұмыскерлерге әннен шашу шашып, көрермен көзайымы болды.

«Жаңа есімнің» ең қызықты, ең шешуші сәті - Ақтау қаласындағы Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрында өткен ауқымды концерті еді. Қазақтың лирик ақыны Тұманбай Молдағалиевтың сөзіне жазылған композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Құс қайтты Алматыма» әні Қалдыгүлдің орындауындағы әсем әуен бүкіл залды өзгеше тербеді. Асқақ арманына қол жеткізген Қалдыгүлдің жан тебіренісі тіптен бөлек болғанға ұқсайды:

- Сахнадан жүрексінген жоқпын. Киелі орынның энергетикасы толқытты. Шоқтығы биік шығарманың әр нотасына мән беріп, кәдімгідей дайындалдым. Нәтижесі – қалың тыңдарманның ыстық ықыласы мен дүркірете соққан шапалағы! Марқайып, мақтандым,- дейді жай ғана күлімсіреген нәзік жанды.

Өнерді өндірістік жұмыспен қатар алып жүрген Қалдыгүл ұжым арасында беделді де мақтан тұтатын тұлға, отбасының беріктігі мен біртұтастығын сақтап отырған аяулы ана, асыл әже! Басшылық тарапынан бағаланған еңбегіне қарай марапат қоржыны да түрлі Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарға, мерейтойлық медальдарға толы. Өзгелерге ұқсамайтын қызметтегі еңбекқорлығымен көзге түскен Қалдыгүлді жаңа қырынан таныған біздер де оған денсаулық пен бақыт, сәттілік пен өсіп-өркендеуді тіледік.

Айсұлу Мұханова
ӘҚД 1-санатты аудармашысы

Тәртіп пен жүйе – қоймашының қолында



2025 жыл Қазақстан Республикасында Жұмысшы мамандықтардың жылы деп жарияланды. Бұл бастама – ел экономикасын алға сүйреп келе жатқан қарапайым еңбек адамдарының мәртебесін көтеруге, кәсіби білім беруді дамытуға арналған маңызды қадам. Кейде олардың еңбегі көзге көрінбесе де, жұмыстың жүйелі жүруі, өндірістің тоқтамауы тікелей соларға байланысты.

Осындай елеусіз, бірақ аса маңызды мамандық иелерінің бірі – қоймашылар. Қоймашы – көзге көп түсе бермейтін, көпке қажеттілігі білінбейтін, бірақ орны бөлек маман. Жұмысшы мамандықтар жылының аталуы олардың еңбектерін елеуге, алғыс айтуға үлкен мүмкіндік берді. Қоймашы – жай ғана тауар қабылдап, жөнелтетін адам емес. Бұл – тәртіп пен жауапкершілікті бойына сіңірген, әрбір бөлшектің, әрбір материалдың есебін жүргізіп

отыратын сауатты маман. Бүгінгі қойма – жай ғана сөрелер мен жәшіктер сақталатын бөлме емес. Бұл – технологиялық орталық. Қоймашылар арнайы бағдарламалармен, цифрлық есеп жүйелерімен жұмыс істейді. Қоймашылардың басты көмекшісі – 1С бағдарламасы.

1С – қойманы басқарудың заманауи құралы. Бұл қоймашының жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, жалпы кәсіпорынның жұмыс тиімділігін арттырады. «МЭМ» ЖШС Қаламқас, Жетібай, Асар кенорындарындағы өндірісті электрлік қондырғылармен, қажетті құрал-жабдықтармен уақытылы қамтамасыз етуді басты назарда ұстаған «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС орталық қойма меңгерушілері – Арысов Қадірбек пен Нәукебаева Роза. «Қоймада әр зат өз орнында, әр есеп өз уақытында болуы керек. Бұл – бізге жүктелген

жауапкершілік» деген ұстанымды берік сақтаған мекеме қоймашылары 1С:Қойма бағдарламасын толық меңгерді. Осы бағдарлама арқылы олар есепшілермен бірлесе отырып, қоймадағы қалдықтарды дәл есептейді, тауарларды қабылдап, өндіріс пен есеп бөлімі арасында тиімді байланысты жүргізеді.

Бірнеше жылдан бері қарапайым мамандық деп аталғанмен, зор жауапкершілікті атқарып, мекемеміздің дамуына елеулі үлес қосқан қоймашы әріптестерімізге Серіктестіктің 30 жылдық мерей тойы қарсаңында бастарына амандық, әулеттеріне жақсылық, еңбектеріне берекет тілейміз.

Бертлеуова М.С.
«МЭМ» ЖШС аға есепшісі

ТОНЗИЛЛИТ

Тонзиллит (ангина) – таңдай бездерінің («бадамша бездер») вирустық немесе бактериялық қабынуы.

Бадамша бездері – тамақтың артқы жағында орналасқан жұп орган. Ол тыныс алу жолына түскен микробтарды ұстап, сүзгі қызметін атқарады. Бадамша бездер бактериялармен күресу үшін антиденелер бөледі, бірақ кейде өздері де қабынуға ұшырайды.

Тонзиллит жедел және созылмалы болып бөлінеді. Қоздырғышына қарай бактериялық және вирустық түрлері кездеседі.

Диагностикасы

Тонзиллит диагнозы жалпы тексеру кезінде қойылады: дене қызуын өлшеу, тамақтан алынған жағындыға талдау жасалады. Жұмсақ таңдайдың, таңдай доғаларының, тілшенің және бадамша бездердің қызаруы көзбен анықталады. Бадамша бездерде іріңді жабынды немесе ұсақ ойық жаралар байқалуы мүмкін.

Негізгі белгілері:

- тамақтың қатты ауыруы (әсіресе жұтынғанда және сөйлегенде);
- әлсіздік, дененің сырқырауы;
- дене қызуының 40°C-қа дейін көтерілуі;
- бас ауыруы;
- мойын лимфа түйіндерінің үлкеюі мен ауырсынуы;
- тамақ пен бадамша бездердің қызаруы, іріңді жабындының болуы.

Алғашқы көмек

Науқас төсек режимін сақтауы тиіс. Ауырсыну мен қызуды азайту үшін дәрі-дәрмек қабылданады. Дәрігер келгенше тамақты сода немесе тұз ерітіндісімен (1 стақан жылы суға 1 шай қасық), сондай-ақ фурацилин ерітіндісімен шаюға болады.

Емі

- Бактериялық тонзиллитте – антибиотиктер қолданылады.
- Вирустық тонзиллитте – интерферон жақпа майы ұсынылады (Қазақстанда қолданылады).
- Саңырауқұлақтық түрінде – кандидозға қарсы препараттар тағайындалады.

Сонымен қатар, түрлі шаю ерітінділері (антисептикалық, шөптік), сорғыш таблеткалар, ауырсынуды және қызуды басатын дәрілер қолданылады. Барлық емді дәрігер (терапевт немесе оториноларинголог) тағайындайды.

Жедел кезең аяқталғаннан кейін физиотерапия жасалуы мүмкін: ультра-күлгін сәулелену, лазерлік терапия, фонофорез, диатермия.

Диета: тек жеңіл, ыстық та, суық та емес тағам. Сұйық немесе езілген күйінде (сорпа, ботқа, картоп пюре). Көп мөлшерде сұйықтық ішу қажет. Науқас отбасының басқа мүшелерінен оқшаулануы тиіс. Жеке ыдыс-аяқ, сүлгі қолданғаны дұрыс.

Хирургиялық ем: абсцесс кезінде немесе консервативті ем нәтиже бермесе, бадамша бездерді алып тастау қажет болуы мүмкін.

Жаңа әдіс: созылмалы тонзиллитті емдеуде криотерапия (бадамша бездердің зақымданған бөлігін мұздату) қолданылады.

Алдын алу

- иммунитетті күшейту (шынығу, жүзу, ауа ванналары – балаларда);
- дұрыс тамақтану;
- ауыз қуысы мен мұрын қуысының созылмалы инфекция ошақтарын емдеу (кариес, синусит, созылмалы тонзиллит).

Асқынулары

- Созылмалы тонзиллитке ауысу;
- Паратонзиллярлық абсцесс



(қатты тамақ ауыруы, қызу, жұтынудың қиындауы, сілекейдің көбеюі, тамақ ісінуі);

- Хирургиялық аутопсияны қажет етуі мүмкін.

Емделмеген жағдайда ауыр асқынулар дамиды: пиелонефрит, гломерулонефрит, миокардит, эндокардит, жүрек клапанының зақымдануы, жүрек ақауы, холангиогепатит, буын ревматизмі, жүйке жүйесі қабынуы, полиартрит.

Жүкті әйелдердегі тонзиллит ұрық дамуына қауіп төндіреді.

Себептері

Тонзиллит вирустардан, бактериялардан (көбіне гемолитикалық стреп-

тококк А), саңырауқұлақтардан туындайды. Сондай-ақ ол қызылша, моноклеоз, дифтерия, лейкопения, скарлатина сияқты аурулардың симптом ретінде де пайда болуы мүмкін.

Қосымша себептер: тіс жегісі, ауыз қуысының инфекциялары, иммунитеттің әлсіреуі, суықтау, климаттың қолайсыздығы, ауаның ластануы, мұрын қалқасының қисаюуы, аденоидтар, мұрын полиптері. Созылмалы тонзиллит көбінесе іріңді синусит пен кариес фонында дамиды.

Дайындаған:
дәрігер-оториноларинголог
Жандауова Ж.М.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Биылғы Кәсіподақ күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Қаламқас және Жетібай кен орындарында ерекше мерекелік көңіл-күйде өтті. Ұжымдық рухты арттырып, ұлттық дәстүрді дәріптеу мақсатында қызметкерлер арасында түрлі спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды. Оған мұнайшылар белсене қатысып, өзара бәсекеге түсті.

Қаламқас кен орны бойынша жеңімпаздар:

Асық ату:

- 1 орын – Әділбаев Асылбек (ТСДЦ)
2 орын – Жолдасбаев Руслан (ПЖПЖЦ)
3 орын – Әділ Ғалымжан (МжМӨД)

Бес тас (әйелдер):

- 1 орын – Балжігітова Алтынай (ТСДЦ)
2 орын – Әбдіқалықова Сандуғаш (ҒЗЖӨЖЦ)
3 орын – Дүйсенова Жаңагүл (ҒЗЖӨЖЦ)

Арқан тарту:

- 1 орын – (2-МГӨЦ)
2 орын – (ҚҚҰЦ)
3 орын – (ПЖПЖЦ)

Садақ ату:

- 1 орын – Құрманқұлов Амандық (ГӨДЖТЦ)
2 орын – Набиханов Асхат (ҒЗЖӨЖЦ)
3 орын – Бердібекұлы Орал (ПЖПЖЦ)

Жетібай кенорны бойынша жеңімпаздар:

Асық ату:

- 1 орын – Қарабалин Жанәділ/Жансүгір Абылай (ГӨДЖТЦ/ЖМГ кәсіподақ)
2 орын – Дүйсенбаев Нұржан/Нөкерев Ерәділ (ҚЖЕКҚОҚД/ГӨДЖТЦ)

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ БІРЛІК



- 3 орын – Ахметов Ақан/Оразов Батырбек (КЖД)

Бес тас (әйелдер):

- 1 орын – Ахметова Алтынай («ЖМГ»ӨБ)
2 орын – Кожимова Жібек («ЖМГ»ӨБ)
3 орын – Нұрбосынова Айнұр («ЖМГ»ӨБ)

Арқан тарту:

- 1 орын – 1-МГӨЦ «ЖМГ»ӨБ
2 орын – «ЖМГ»ӨБ кеңсесі
3 орын – 2-МГӨЦ «ЖМГ»ӨБ

Садақ ату:

- 1 орын – Жансүгір Абылай («ЖМГ»ӨБ кәсіподақ)
2 орын – Джанышев Асан (ГӨДЖТЦ)
3 орын – Қожамқұлов Нұрлан («ЖМГ»ӨБ маркайдер)

Волейбол:

- 1 орын – «ЖМГ»ӨБ (ҚҚҰЦ)
2 орын – «ЖМГ»ӨБ (1-МГӨЦ)
3 орын – Кәсіподақ ұйымы

Үздік байланыстырушы:

- Шырақбаев Асан (Кәсіподақ)

- Үздік либеро: Оразбаев Нұржан (ЖМГ, 1-МГӨЦ)

Үздік шабуылшы:

- Қоштаев Кеңшілік (ЖМГ, ҚҚҰЦ)

Арқан тарту:

- 1 орын – ЖМГ-2
2 орын – ЖМГ-1
3 орын – ЖМГ

Футбол:

- 1 орын – «ЖМГ»ӨБ
2 орын – Кәсіподақ ұйымы
3 орын – Басшылық құрам

Үздік ойыншы – Ораз Елдос



- Үздік қорғаушы – Елеусинов Марат
Үздік қақпашы – Жұбаниязов Саламат

Кәсіподақ күніне арналған спорттық сайыстарда қызметкерлер өз шеберліктерін көрсетіп қана қоймай, командалық бірлікті нығайтты. Ұлттық ойындар арқылы дәстүр сабақтастығы дәріптеліп, әрбір қатысушы мерекелік көңіл-күйге бөленді. Бұл шаралар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымының ұйымшылдығы мен корпоративтік мәдениетін айқындап, баршаға үлгі боларлық деңгейде өтті.



«ТАЗА ЖАҒАЛАУ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ парызымыз. Осы мақсатта 4 қазанда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері Маңғыстау облысы бойынша экология департаментінің ұйымдастыруымен өткен «Таза жағалау» атты экологиялық акцияға белсене қатысты.


Акция барысында компанияның 25 қызметкері теңіз жағалауында қоқыстан тазарту жұмыстарын жүргізіп, өңірдің экологиялық тазалығына өз үлестерін қосты. Мұндай шаралар тек табиғатты көркейтп қана қоймай, қоғамда экологиялық мәдениетті дамытуға, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыруға септігін тигізеді.

– Бұл акцияның басты мақсаты – табиғатты аялау, әр азаматтың бойында экологиялық сана қалыптастыру, сондай-ақ болашақ ұрпаққа таза әрі

қолайлы орта қалдыру, – дейді ұйымдастырушылар.

Компания қызметкерлері табиғат аясында демалушыларға үндеу жолдап, жағалаудағы тазалықты сақтауға шақырды. Себебі әр адамның табиғатты қорғауға қосқан үлесі елдің көркеюіне, жасыл әрі таза ортаның қалыптасуына негіз болады.

«Таза табиғат – жарқын болашақ кепілі. Табиғатқа жанашырлықпен қарау – баршамыздың міндетіміз», – дейді акцияға қатысушылар.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы
автор пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді және оны
қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьютерінде
теріліп,
беттелді.
Индекс: 64265

«Атис» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500